**Бекітемін: ____________**
**Мектеп директоры**
**А.Ж.Ескалиева**

# «Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектеп» КММ
# 2023-2024 оқу жылдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі
# КЕШЕНДІ ЖОСПАР

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.
Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» - дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

1) ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
2) халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
3) әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**
Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**
1) ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;
2) ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға,

отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3) жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4) денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

1) ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «Қарашаңырақ», «Жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2) отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығынқорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3) әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4) жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5) тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды,табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:**

1) қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
2) қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
3) ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
4) қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
5) қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
6) қоғам игілігі үшінқызмет ету;
7) қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
8) ұлттық мәдениетті дәріптеу.

**Күтілетін нәтижесі:**

1) отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;
2) мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
3) елінің тарихын құрметтейді;
4) ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;
5) құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары.

**Ар-ұят құндылығы:**

1) академиялық адалдық қағидатын қолдау;
2) адал еңбекті құрметтеу;

3) сөзіне берік, ісіне адал болу;
4) халқына адал қызмет ету
5) әдеп нормаларын ұстану;
6) шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
7) достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу мейірімділік таныту;
8) өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**

1) ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
2) сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
3) ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды;
4) достарын, сыныптастарынсыйлайды;
5) кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

**Талап құндылығы:**

1) сыни және креативті ойлау;
2) жеке және командаменжұмыс істей білу;
3) білуге, жаңаны тануғақұштар болу;
4) физикалық белсенді болу;
5) салауатты өмір салтынұстану;
6) технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету;
7) дұрыс қарым-қатынасорната білу;
8) уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

1) жан мен тән тазалығынсақтайды;
2) дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді;
3) қоршаған орта тазалығынсақтайды;
4) ақпараттық, медиа жәнеқаржылық сауаттылық;
5) ізденімпаз, жасампаз тұлға.

**Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері:**

1) «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді;
2) оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

**Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысы, меңгеруші (әдіскері), директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:**

1) тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
2) тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

3) тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

4) тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді;

5) санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды сақтап, аптасына бір рет (дүйсенбі) сынып сағатын сабақ кестесіне ендіру ұсынылады.

**Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлар:**

1) салауатты өмір салтына ынталандыру;

2) сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;

3) білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

4) білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу; аптасына бір рет (дүйсенбі) сынып сағатын өткізу.

**Білім беру ұйымдары мен педагогтері:**

1) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Облыстық, қалалық білім басқармасына қарасты Білім-инновация лицейлері мен Мамандандырылған білім беру ұйымдарын (Дарын) «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мазмұнын жалпы мектептерге толық енгізу мақсатында тірек мектептер ретінде бекіту ұсынылады.

**қыркүйек – Білім айы**

1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары

5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар, Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл, Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мемлекеттік органның атауы | |
| **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (Отан)** | | | | | | |
| 1 | 1 қыркүйек - білім күні «Мектебім – мейірім мекені» | 1-11 сыныптар | Салтанатты жиын және сынып сағаттары | «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі | ҚР ОМ | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші |
| 2 | 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар («Еңбегі адал жас өрен») | 8-11 сыныптар | Жоспар, ашық диктант | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші, |
| 3 | Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл | 10 сынып | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Ғ.А.Күзембаева, ДТІЖО |
| 4 | Ақындар айтысы («Ұлттық мектеп лигасы») «Төрт тоқсан – төрт өнер» | 5-7 сыныптар | Танымдық сағаты | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, С.К.Кулахметова |
| 5 | «Мектепке жол» акциясы аз қамтылған және көп балалы отбасы мен қамқорлықсыз қалған отбасы балаларына көмек көрсету | 1-11 сыныптар | Акция, қайырымдылық жасау | Хаттама | ҚР ЕХӘҚМ | ДТІЖО әлеуметтік ұстаз |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | «Адалдық» сағаты | 1-11 сыныптар | Сынып сағаттары | Сынып сағатының жоспары, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР СЖҚІА | Аға тәлімгер, сынып жетекшілер |
| 7 | Отбасы күніне орай сынып сағаттары («Ұрпаққа аманат» жобасы) | 1-11 сыныптар | Сынып сағаттары | Сынып сағатының жоспары, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | ДТІЖО, сынып жетекшілер |
| 8 | «Қарттарым – даналықтың алтын кілті» 1 қазан- қарттар күніне мерекелік іс-шаралардың кешенді жоспары, көмек ұйымдастыру | 1-11 сыныптар | Мерекелік іс-шара, көмек | Жоспар, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ЕХӘҚМ | ДТІЖО аға тәлімгер әлеуметтік ұстаз, сынып жетекшілер |
| 9 | «Құқық бұзушылықтың алдын алу» кездесу (Жеткіншектің жеті жарғысы) | 5-11 сыныптар | Кездесу | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер, әлеуметтік ұстаз, мектеп инспекторы |
| 10 | Денсаулық фестивалі («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы) | 1-11 сыныптар | Жеке жоспар | Іс-шараның жоспары, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ДСМ | Д/ш мұғалімдері Сынып жетекшілер |
| 11 | Дұрыс тамақтану | 1-11 сыныптар | Брокеражды комиссия жұмысы | Акт толтыру | ҚР ДСМ | Әлеуметтік ұстаз, брокераж |
| 12 | Мектеп ережесі, жолда жүру ережелері («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) | 1-11 сыныптар | Нұсқаулыққа қол қою | Қауіпсіздік дәптерлеріне қол қою | ҚР ОМ | Әкімшілік, Сынып жетекшілер |
| 13 | «Дебат» клубының отырысы («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы) | 8-10 сыныптар | Отырыс | хаттама | ҚР ОМ | Ж.Ж.Шупанова |
| 14 | «Дебат» клубының қалалық, облыстық іс-шараларға қатысуы | 8-10 сыныптар | Сайыс | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Жетекші, тәлімгер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | 24 қыркүйек «Еңбек күні» «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» «Отбасындағы оқушының еңбек міндеттері» (Еңбегі адал жас өрен) | 1-11 сыныптар | жоспар | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ЕХӘҚМ | Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Сынып жетекшілер |
| 16 | Сыныптың және мектептің әлеуметтік паспортын құру | 1-11 сыныптар | Паспорт | Анықтама | ҚР ОМ | Әлеуметтік ұстаз |
| 17 | Сыныптағы психологиялық ахуалды зерттеу (1, 5 сыныптардың мектепке бейімделуі) | 1, 5 сыныптар | Диагностикалық жұмыстар | Хаттама | ҚР ОМ | Мектеп психологтары |
| 18 | «Болашаққа бірге қадам жасайық!» ата-аналар жиналысы («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) | 11 сыныптар | Ата-аналар жиналысы | Хаттама | ҚР ОМ | Мектеп психологтары |
| 19 | Мектепішілік ата-аналар жиналысы | 1-11 сыныптар | Ата-аналар жиналысы | Хаттама | ҚР ОМ | 1-1 сыныптардың сынып жетекшілері, ДТІЖО |
| 20 | «Өрт қауіпсіздігі және жолда жүру ережесі» бойынша қуыршақ театрында қойылым | 1-4 сыныптар | Қойылым | | ҚР ҚМ | Сынып жетекшілер ДТІЖО |

**қазан – Алаш азаматтарын ұлықтау айы**

1 қазан - Қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

25 қазан – Республика күні

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл, Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл, ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл, қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл, Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл, қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл, ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Білім беру ұйымдарымен | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы | |
| **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (Отан)** | | | | | | |
| 1. | «Ұстаз! Сіздің алдыңызда ....» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) | 1-11 сыныптар | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші |
| 2. | «Ұстазыма алғыс!» «Дублер күні» (Балалар кітапханасы, Еңбегі адал жас өрен) | 1-11 сыныптар | концерт | Сценарий | ҚР ӘМ | 11 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері |
| 3. | Алтын күз 5-7, 8-10 сыныптар<br>Алтын күз 3-4 сыныптар<br>Алтын күз 1-2 сыныптар<br>(Еңбегі адал жас өрен) | 1-11 сыныптар | сайыс | сценарий | ҚР ОМ | «Ғабит» шаңырағы<br>«Бәйтерек» шаңырағы 3 б,в<br>«Сұңқар» шаңырағы 1 б, в<br>Сынып жетекшілер, ДТІЖО |
| 4. | Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) | 1-11 сыныптар | Жеке жоспар | Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | ДТІЖО, әлеуметтік ұстаз |
| 5. | Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру | 1-11 сыныптар | Қауіпсіздік дәптеріне қол қойдыру | хаттама | ҚР ОМ | Әлеуметтік ұстаз, сынып жетекші |
| 6. | «Қыздарға нәзіктік, ұлдарға батылдық жарасады...» қыздармен әжелердің кездесуі («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) | 9 сыныптар | Кездесу | Іс-шара жоспары, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Мектеп психологтары |
| 7. | «Қарттарым – даналықтың алтын кілті» қарттар күніне концерт (Жеткіншектің жеті жарғысы) | 5-11 сыныптар | Концерт | Сценарий, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | «Шоқан» шаңырағы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | «Жақсылыққа жаным құштар» мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қайырымдылық жәрмеңкесі («Еңбеккке адал жас өрен» жобасы) | 1-11 сыныптар | Қайырымдылық жәрмеңкесі | Көмек көрсету, хаттама | ҚР ЕХӘҚМ | Әлеуметтік ұстаз, ата-аналар 1-11 сынып оқушылары Педұжым |
| 9. | «Рухани келісім-бірлік пен татулықтың күні» атты сынып сағаттары («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) | 5-8 сыныптар | Сынып сағаттары | Сынып сағат жоспары, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | 5-8 сыныптар Сынып жетекшілер ДТІЖО |
| 10. | Мектеп Парламентін сайлау («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) | 1-11 сыныптар | Сайлау | Хаттама | ҚР ОМ | Аға тәлімгер, оқушылар ұйымы |
| 11. | 25 қазан – Республика күніне саптық түзеу («Ұрпаққа аманат» жобасы) 23.10.2023 сағ 12.00 | 1-11 сыныптар | Саптық түзеу | Сценарий, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | «Сәбит» шаңырағы |
| 12. | «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдарына қабылдау («Еңбек адал жас өрен» жобасы) | 1-11 сыныптар | Салтанатты жиын | Сценарий, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Аға тәлімгер, ДТІЖО |
| 13. | «Төрт тоқсан – төрт өнер» Ақындар айтысына қатысу | 1-11 сыныптар | сайыс | әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | С.К.Кулахметова, ДТІЖО |
| 14. | 16 қазан –Нан күні (Балалар кітапханасы, Еңбегі адал жас өрен) | 1-5 сыныптар | Сынып сағаттары | Сынып сағаттарын жариялау | ҚР ДСМ | 1-5 сыныптар, ДТІЖО |

**қараша – Поэзия айы**

15 қараша - Ұлттық валюта күні

Күзгі демалыс

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мемлекеттік органның атауы | |
| **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (Отан)** | | | | | | |
| 1. | «Ұлттық теңге – ел тәуелсіздігінің символы» бірыңғай сынып сағаттары («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) | 1-11 сыныптар | Сынып сағатттары | Сынып сағатының жоспары, Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер, ДТІЖО |
| 2. | ЖҚТБ айлығы («Ұлттық мүдде» жобасы) | 1-11 сыныптар | Жеке жоспар | Есеп, Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ, ҚР ДСМ | Әлеуметтік ұстаз, мед.бике, психолог |
| 3. | «Кітап – білім кілті» «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханада жұмыс («Балалар кітапханасы» жобасы) | 1-11 сыныптар | Оқушылармен кездесу | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Мектеп кітапханашылары |
| 4. | «Мейірімге толы жүрек» акциясы Қоғам игілігіне қызмет ету | 1-11 сыныптар | Көмек көрсету | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ЕХӘҚМ | Әлеуметтік ұстаз |
| 5. | «Өзіңді мамандықтың әлемінде тап» кәсіби бағдар беру | 9, 11 сыныптар | Диагностика | Хаттама | ҚР ОМ | Мектеп психологтары |
| 6. | 25 қараша - кинорежиссер А. Шәжімбаев туған күні («Ұлттық мүдде» жобасы) | 1-11 сыныптар | Сынып сағаттары | Сынып сағатының жоспары, Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | Сынып жетекшілер, ДТІЖО |
| 7. | Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жылдығына шығармаларын талдау (Жеткіншектің жеті жарғысы) | 8-10 сыныптар | Оқу сағаттары | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер, ДТІЖО |
| 8. | «Асық ату» тоғыз ай – тоғыз іс-шара негізінде «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы | 1-11 сыныптар | Асық ату челленджі | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ДСМ | Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, ДТІЖО |
| 9 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» және «Адал ұрпақ» клубтарымен | 7-11 сыныптар, педагогтер | Тәрбие сағаты | Тәрбие сағатының сценарии | ҚР СЖҚІА | ҚР СЖҚІА жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер, директордың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) | | | | | тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші |

**желтоқсан – «Қазақстан - ұлы дала елі»**

16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (Отан)** | | | | | | |
| 1. | Тұңғыш Президент күніне іс-шара («Ұрпаққа аманат» жобасы) | 1-11 сыныптар | Мерекелік іс-шара | Сценарий, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Сынып жетекшілері, ДТІЖО |
| 2. | «Елімнің тұңғыш Президенті» бірыңғай сынып сағаттары | 1-11 сыныптар | Сынып сағаты | Сынып сағаты жоспары, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Сынып жетекшілері, ДТІЖО |
| 3. | «Тәуелсіздік – ел мерейі» атты тәуелсіздік күніне байланысты саптық түзеу («Ұрпаққа аманат» жобасы) | 5-11 сыныптар | Саптық түзеу | әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | «Абай» шаңырағы, Сынып жетекшілері, ДТІЖО |
| 4. | «Тәуелсіздік – ел тұғыры» бірыңғай сынып сағаттары | 1-11 сыныптар | Сынып сағаты | Сынып сағаты жоспары, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Сынып жетекшілері, ДТІЖО |
| 5. | Абылайхан резиденциясындам «Дауылпаз баба Қожаберген жырауға 360 жыл» тәжірибе алаңы | 5-11 сыныптар | Тәжірибе алмасу | әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | «Кенесары хан» шаңырағы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6. | Ата-аналар жиналысы | 1-11 сыныптар | Жеке жоспар | Хаттама | ҚР ОМ | ДТІЖО Сынып жетекшілер |
| 7. | Демалыс уақытындағы қауіпсіздік ережелері | 1-11 сыныптар | Қауіпсіздік дәптеріне қол қойдыру | Қол хат, хаттама | ҚР ОМ, ҚР ДСМ, ҚР ТЖМ | Әлеуметтік ұстаз, сынып жетекшілер, ДТІЖО |
| 8. | «Төрлет, Жаңа жыл!» (0-2 сыныптар) | 0-2 сыныптар | Кеш | Сценарий, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | «Достық» шаңырағы 2 а,ә |
| 9. | «Ғажайып Жаңа жыл» (3-4 сыныптар) | 3-4 сыныптар | Кеш | Сценарий, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | «Сұңқар» шаңырағы 1 а, ә |
| 10. | «Жаңа жыл – жаңа жыр» (5-7 сыныптар) | 5-7 сыныптар | Кеш | Сценарий, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | «Абылайхан» шаңырағы |
| 11. | «Жаңа жыл – жаңа жыр» (8-11 сыныптар) | 8-11 сыныптар | Кеш | Сценарий, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | «Бауыржан» шаңырағы |
| 12. | Аз қамтылған отбасында тәрбиеленушілерді Әкімнің, Президенттің шыршасына жіберу | 1-11 сыныптар | Бұйрық | әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | Әлеуметтік ұстаз |
| 13. | «Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығы» | 1 б,в сыныптары | Іс-шара жоспары | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | «Сұңқар» шаңырағы |
| 14 | «Тоғыз ай – тоғыз іс-шара» Шығарма жазу: Болашаққа хат 13.12.2023 сағ 12.00 | 8-11 сыныптар | Шығарма жазу | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімдері, ДТІЖО |
| 15 | «Төрт тоқсан – төрт өнер» «Алтын сақа» ұлттық ойындар | 1-11 сыныптар | Ұлттық ойындар | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ДСМ, ҚР ТСМ | Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, ДТІЖО |

**қаңтар – Ұлттық код айы**
қысқы демалыс

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мемлекеттік органның атауы | |
| **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (Отан)** | | | | | | |
| 1. | Ата-аналар жиналыстары | 1-11 сыныптар | Жиналыс | Хаттама | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер, ДТІЖО |
| 2. | Буллинге және кибербуллинге қарсы іс - шаралар кешені | | Жеке жоспар | Жоспар, Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Әлеуметтік ұстаз, мектеп психологтары |
| 3. | «Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығы» арналған іс-шара | 3 б, в сыныптары | Іс-шара | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | «Бәйтерек» шаңырағы |
| 4. | «Төрт өнер – төрт тоқсан» Ұлттық өнер | 1-11 сыныптар | Қолөнер | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ, ҚР ОМ | Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері, ДТІЖО |
| 5. | «Тоғыз айға – 9 іс-шара» 26.01.2024 сағ 12.00 «Қазақ есебі» | 1-11 сыныптар | Есеп шығару | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ, ҚР ОМ | Математика пәнінің мұғалімі, ДТІЖО |

**ақпан – Оқуға құштарлық айы**

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (Отан)** | | | | | | |
| 1. | «Ауған соғысының қаһармандарына бас иеміз» тақырыбында Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кешін өткізу («Ұрпаққа аманат» жобасы) | 8-10 сыныптар | Кездесу | | ҚР ҚМ | АӘДТ мұғалімі, «Алихан Бөкейхан» шаңырағы |
| 2. | «Ауған соғысы жүрекке жар салады» бірыңғай сынып сағаттары | 1-11 сыныптар | Сынып сағаттары | Сынып сағатының жоспарлары, Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ҚМ | Сынып жетекшілері, ДТІЖО |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. | 15 ақпан -Шәкен Аймановтың 110 жылдығы<br>«Кино әлемінде» | 5-11 сыныптар | Танымдық сабақ | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | ДТІЖО, тарих, физика пәні мұғалімдері |
| 4. | Абайдың «Толық адам» ілімі Абайдың өлеңдерін, қара сөздерімен танысу талқылау | 5-11 сыныптар | Сынып сағаттары | Жоспар, жариялау | ҚР ОМ | 9-11 сынып жетекшілері, ДТІЖО |
| 5. | «Мектептегі, сыныптағы мінез-құлық ережелері»<br>(«Жеткіншектің жеті жарғысы») | 1-11 сыны1- | Кеңес беру | жоспар, жариялау | ҚР ОМ | сынып жетекшілері әлеуметтік педагог, педагог –психолог, |
| 6. | Біздің қоғамдағы әділеттілік. Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) | 11 сыныптар птар | отырыс | жоспар | ҚР АҚДМ | «Адал ұрпақ» клубы<br>Аға тәлімгер<br>құқық фракциясы |
| 7. | «Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» сынып сағаттары | 1-11 сыныптар | Сынып сағаттары | Сынып сағатының жоспарлары, Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Сынып жетекшілері, ДТІЖО |
| 8. | «Тоғыз айға – тоғыз іс-шара»<br>«Оқуға құштар мектеп» челленджі 28.02.24ж<br>Сағ 12.00 | 1-11 сыныптар | Кітаптар көрмесі, оқу сағаттары | Әлеуметтік желілерге жариялау | ҚР ОМ | Кітапханашылар, Сынып жетекшілер, ДТІЖО |

**наурыз – Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айы**

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы

27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (Отан)** | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | «Тоғыз айға – тоғыз іс-шара» «Домбыра Party» челленджі 17.03.2024 сағ 12.00 | 1-11 сыныптар | Челлендж | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | Сынып жетекшілер, Музыка пәнінің мұғалімдері, ДТІЖО |
| 2. | Алғыс айту күні (акция ұйымдастрыу) | 1-11 сыныптар | Акция | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Аға тәлімгер, ДТІЖО, сынып жетекшілер |
| 3. | «Ана – гүл, ана – өмір шуағы» сайысы | 3-4 сыныптар | Сайыс | Сценарий, Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | «Ынтымақ» шаңырағы 4 а,ә |
| 4. | «Көктем Ару – 2022» | 5-7 сыныптар | Сайыс | Сценарий, Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | «Керей мен Жәнібек» шаңырағы |
| 5. | «Көктем Ару – 2022» сайыс | 8-11 сыныптар | Сайыс | Сценарий, Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | «Ыбырай Алтынсарин» шаңырағы |
| 6. | 16 Наурыз – Жүсіпбек Аймауытов 135 жаста | 7-10 сыныптар | Танымдық сабақ | Жоспар, жариялау | ҚР МАМ | ДТІЖО, қазақ тілі және әдебиеті мұғалімдері |
| 7. | «Әз-Наурыз, қош келдің!» атты мерекелік кеш өткізу<br>«Дәстүр мен ғұрып» жобасы | | Сайыс | Сценарий, Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР МАМ | 0-2 сыныптар<br>Ж: «Балдырған» шаңырағы<br>3-4 сын.<br>Ж: «Бәйтерек» шаңырағы<br>3 а,ә<br>5-7 сын. 8-11 сын.<br>Ж: «Мағжан» шаңырағы<br>ДТІЖО, сынып жетекшілер |
| 8. | «Салауатты өмір салты» көңілді старт<br>(«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы) | 1-11 сыныптар | сайыс | Жоспар, жариялау | ҚР ДСМ, ҚР ТСМ | Д/ш мұғалімдері, сынып жетекшілер |
| 9. | «Бала және театр», «Бала және сахна» қойылым | 5-11 сыныптар | Қойылым | Жоспар, жариялау | ҚР МАМ, ҚР ОМ | Р.К.Елеусизова<br>А.Г.Каримов |
| 10. | Орта кәсіби және жоғары оқу орындарымен кездесу | 9-11 сыныптар | Кездесу | Жариялау | ҚР ОМ | Мектеп психологтары, сынып жетекшілер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | «Адалдық - адамдықтың белгісі» (Жеткіншектің жеті жарғысы) | 8-10 сыныптар | Танымдық сабақ | сценарий, жариялау | ҚР ОМ | «Адал ұрпақ» клубы Аға тәлімгер құқық фракциясы |
| 12. | Қайырымдылық шаралары | 1-11 сыныптар, ата-аналар, мұғалімдер | Жәрмеңке | жариялау | ҚР ОМ, ҚР ЕХӘҚМ | Әлеуметтік ұстаз, ДТІЖО, сынып жетекшілер |

**сәуір– Экологиялық мәдениет айы**

12 сәуір - Ғылым күні

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (Отан)** | | | | | | |
| 1. | «Табиғат – тал бесігің» экология айлығы | 1-11 сыныптар | Жеке жоспар | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ЭТРМ | Жаратылыстану мұғалімдері |
| 2. | «Төрт тоқсан – төрт өнер» «Туған өлкем» іс-шаралары | 1-11 сыныптар | Іс-шаралар | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ЭТРМ, ҚР ТСМ | Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері, ДТІЖО |
| 3. | Жолда жүру ережелері | 1-11 сыныптар | Қауіпсіздік ереже дәптері | Нұсқаулыққа қол қою | ҚР ОМ | ДТІЖО, сынып жетекшілері |
| 4. | 12 сәуір - Қазақстан ғылымы күні | 1-11 сыныптар | Жеке жоспар | Жоспар, жариялау | ҚР ОМ | Пән мұғалімдері |
| 5. | Отбасылық волейбол, баскетбол жарыс түрлерінен ата-аналар лигасын ұйымдастыру. Лига, жарыс | 5-11 сыныптар | Жарыс | жариялау | ҚР ТСМ, ҚР ДСМ, ҚР ОМ | Денешынықтыру мұғалімдері Сынып жетекшілер |
| 6. | Тоғызқұмалақ, шахмат ойнау челленджі. (9 айға – тоғыз іс | 1-11 сыныптар | Челлендж | жариялау | ҚР ТСМ, ҚР ДСМ, ҚР ОМ | ДТІЖО, дене шынықтыру мұғалімі, сынып |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | шара) 12.04.2024 сағ 12.00 | | | | | жетекшілер |
| 7. | «1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні» («Еңбек адал жас өрен» жобасы) Сап түзеу, бірыңғай сынып сағаттары | 1-11 сыныптар | Сынып сағаттары | Жоспар, жариялау | ҚР МАМ, ҚР ОМ | Сынып жетекшілер, ДТІЖО |
| 8. | «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) | 9-11 сыныптар | кездесу | жариялау | ҚР ОМ | Мектеп психологтары, сынып жетекшілер |
| 9. | «Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам» іс-шарасы | 1-11 сыныптар | Іс-шара | Жоспар, жариялау | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер, ДТІЖО |
| 10. | 20 сәуір – Әлия Молдағұлова 100 жаста. Ерлік сабағы | 1-11 сыныптар | Сынып сағаттары | Жоспар, жариялау | ҚР МАМ | Сынып жетекшілер, ДТІЖО |

**мамыр – Бейбітшілік пен татулық айы**

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр-Отан қорғаушылар күні

9 мамыр-Жеңіс күні

31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні, ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (Отан)** | | | | | | |
| 1. | «Тоғыз айға – тоғыз іс-шара» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Жасыл мекен» челленджі 12.05.2024ж сағ 12.00 | 1-11 сыныптар | Ауланы көгалдандыру | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ЭТРМ | Сынып жетекшілер, ДТІЖО |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. | «7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне» мерекелік іс-шара<br>1-2 сыныптар<br>3-4 сыныптар<br>5-7 сыныптар<br>8-11 сыныптар<br>(«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) | 1-11 сыныптар | Іс-шара | Сценарий, Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ҚМ, ҚР ОМ | Бастауыш сыныптарда параллельдер арасында іс-шара<br><br>«Абылайхан» шаңырағы<br>«Бауыржан» шаңырағы |
| 3. | Ұлы Отан соғысының 79-жылдық мерекесіне байланысты «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) | 1-11 сыныптар | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары, әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,<br>сынып жетекші |
| 4. | 15 мамыр «Отбасымен бірге өткізген қуанышты күндерім» | 1-11 сыныптар | Жоспар, жариялау | Сынып сағат жоспары, Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Сынып жетекшілер, ДТІЖО |
| 5. | Саяси қуғын-сүргіндерді еске алу (гүл шоқтарын ескерткішке қою)<br>(«Ұрпаққа аманат» жобасы) | 8-11 сыныптар | Қалалық іс-шараға қатысу, сынып сағаты | Әлеуметтік желіге жариялау | ҚР ОМ | Ұжым, ДТІЖО, сынып жетекшілер |
| 6. | Спортшылардың, балалар мен ата-аналардың қатысуымен жыл сайынғы жаппай кросстар мен жарыстар өткізу | 5-9 сыныптар | Кросс ұйымдастыру | Сынып сағатының жоспары | ҚР ТСМ | ҚР ТСМ, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші |
| 7. | «Ұлттар достастығы»<br>(«Балалар кітапханасы») | 1-4 сыныптар | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,<br>сынып жетекші |
| 8. | Әскери-патриоттық оқу-дала жиыны | 11 сынып | Дала жиыны | Сынып сағатының жоспары | ҚР ҚМ | ҚР ҚМ жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары |
| 9. | «Менің кіші Отанымның картасы» («Ұлттық мектеп лигасы») | 1-4 сыныптар | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | ҚР ОМ | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші |
| 10. | «Отбасы FEST» фестивалі («Ата-аналар мектебі» жобасы) | 1-11 сыныптар | Сыныптан тыс іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценариі | ҚР ОМ | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші |
| | Халықаралық отбасы күні «Денсаулық FEST» («Ұлттық мектеп лигасы») | Ата-аналар | Ата-аналар жиналысы | Хаттама | ҚР ОМ | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші |

*Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасын шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.*

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ҚР ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
ҚР ЕХӘҚМ – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
ҚР АҚДМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;
ҚР ЖБҒМ – Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;
ҚР МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;
ҚР ҚМ – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
ҚР ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;
ҚР СЖҚІА – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;
ҚР ТСМ – Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі;
ҚР ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі;
ҚР ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
ҚХА – Қазақстан халқы Ассамблеясы
ҰБА – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.